

**ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ
СПОРТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ
ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКАДАН МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БАЛАЛАР-
ЖАСӨСПІРІМДЕР ОЛИМПИАДАЛЫҚ РЕЗЕРВ МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

**Қабылданды
Мектептің педагогикалық
ұжымымен 23.10.2015 ж.**

**Бекітемін _____
Мектеп директоры
Рыпаков Д.С.**

**«ОҚУШЫЛАРДЫҢ АР-НАМЫС
КОДЕКСІ»**

**Өскемен қ.,
2015 жыл**

Оқушылардың ар-намыс кодексі

Мектеп оқушылары осы кодекспен бекітілген этикалық құндылықтарды, жеңіл атлетикаға деген өзінің көз қарасын, жүріс-тұрысымен өз мектебінің мәртебесін қадағалауға міндеттеледі.

Мектеп – әртүрлі ұлтты, әртүрлі жастағы азаматтарды, әртүрлі тағдырлы адамдарды біріктіретін ортақ үй. Мектептің беделі сол адамдардың әрбірінің жетістіктерінен құралады.

Адал адамдардың арасында ақыл, білімділік, тәрбие бірінші орында. Адам әрқашан білімге құштар. Ол ақыл мен сезімнің, сөз бен істің арасындағы тепе-теңдікті таба алу керек.

Мектепте оқу кезінде, оқушыға жеңіл атлетиканың қыр сырына үйрену үшін, творчестволық қабілеттерін дамытуға және жеке тұлға ретінде дамуына барлық мүмкіндіктер жасалған.

Мектеп оқушылары осы кодекста бекітілген барлық ережелермен қоса, спорттық-оқу процесін реттейтін құжаттарды: мектеп жарғысын, директор мен оның орынбасарының шығарған бұйрықтарын, жаттығу кестесін, құқықтық актілерді қатаң ұстауға міндетті.

1. Жалпы ережелер

- 1.1. ШҚО дене шынықтыру және спорт басқармасының «ШҚО жеңіл атлетикадан МБЖОРМ» КММ-нің оқу-жаттығу процесінің қатысушылары болып оқушылар-оқытушы тренер-ата-аналар саналады.
- 1.2. Оқу-сауықтыру процесінің басты субъектілеріне мектепте оқығысы келетін балалар жатады.
- 1.3. ШҚО дене шынықтыру және спорт басқармасының «ШҚО жеңіл атлетикадан МБЖОРМ» КММ-нің оқу-жаттығу процесіне қатысты барлығының қызметі демократиялық, толеранттық принциптеріне негізделген.
- 1.4. ШҚО дене шынықтыру және спорт басқармасының «ШҚО жеңіл атлетикадан МБЖОРМ» КММ-нің оқу-жаттығу процесіне қатысты барлығының қызметі ҚР Конституциясына, ҚР Президенті жарлықтарына, БҰҰ бала құқықтары туралы Конвенциясына, ҚР «Білім туралы» заңына, «Дене шынықтыру және спорт» заңдарына сәйкес жасалған.

2. Оқу процесіне қатысушылардың құқықтары.

Оқушылардың құқықтары:

- 2.1. ШҚО дене шынықтыру және спорт басқармасының «ШҚО жеңіл атлетикадан МБЖОРМ» КММ Жарғысына сәйкес толық көлемде жеңіл атлетикаға қатысты жоғары сапалы және тегін білім алуға.
- 2.2. Жеке қабілетерді арттыратын мектептің барлық жаттығуларына қатысуға.
- 2.3. Творчестволық қабілеттерін көрсетуге.
- 2.4. Оқытушы-тренерлардың қарауымен мектептің барлық материалды-техникалық базасын қолдануға.
- 2.5. Өзінің оқудағы және спорттағы барлық жетістіктері туралы толық мәліметтер алуға.
- 2.6. Психологиялық және спортқа қатысты барлық көмектерді алуға.
- 2.7. Оқу-жаттығу процесіне қатысы бар адамдарды құрметтеуге және өзіне де құрметпен қарауды талап етуге.
- 2.8. Жеңіл атлетика манежіне қатысты территорияда эстетикалық, достық қарым-қатынасты орнатуға.
- 2.9. Мектеп территориясында агрессияның барлық түрінен, спорттық-оқыту процесіне қатысты адамдардың девианттық қатынасынан қорғануға.
- 2.10. Нәтижелері жоғары болса, өз еркімен мектеп ішілік, қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық жарыстарға қатысуға.
- 2.11. Жаттықтырушы мен мектеп әкімшілігінің рұқсатымен қосымша жаттығуларға баруға.

3. Оқу процесі оқушыларының міндеттері.

Оқушылар міндеттеледі:

- 3.1. Өзінің физикалық, психолого-физиологиялық мүмкіндіктеріне сәйкес жаттығуға.
- 3.2. Өз денсаулығын күтуге.
- 3.3. Жаттығуға кешікпеуге. Мектепке жаттығу басталардан 15 минут бұрын келуге.
- 3.4. Мектеп әкімшілігі, жаттықтырушы, техникалық қызметкерлердің талаптарын орындауға.
- 3.5. Мектептің барлық жұмысшыларының ескертпелеріне мұқият болу.
- 3.6. Мектептің барлық жұмысшылары – жаттықтырушы, әдіскер, медициналық қызметкер, техникалық қызметкерлердің еңбегін бағалауға.
- 3.7. Мектеп қабырғасында оқып жүрген мерзімде барлық зиянды қылықтардан арылуға (темекі шегу, спирттік ішімдіктерді ішу, нашақорлық және токсикологиялық заттарды қабылдау).

- 3.8. Этикет нормаларын сақтауға:
- Дөрекі сөйлемеуге;
 - Жыттықтырушылар мен мектеп қызметкерлеріне сыпайы сөйлеуге, сіз немесе әкесінің атымен атауға;
 - Былапыт сөздерді қолданбауға;
 - Оқушылар арасында да сыпайы болуға.
- 3.9. Мектеп сыртындағы қоғамдық жұмыстарға белсене қатысуға.
- 3.10. Мектеп жарғысына сәйкес мектеп ішілік қызметерге көмектесуге.
- 3.11. Патриоттық, толеранттық көрсетуге.
- 3.12. Спорттық инвентарьларды жинауда кезекшілікті сақтауға.
- 3.13. Сыртқы бет-бейнесіне қарау:
- Мектепті ұқыпты киіммен келуге
 - Ауыстыратын аяқ киім алып келуге.
 - Мектептік және қалалық мерекелік шараларға лайықты киіммен келуге
- 3.14. Жеке меншік заттарды, сонын ішінде өзімен бірге жаттығатын балалардың жаттығуға керек заттарына, сырт киімдеріне ұқыптылықпен қарауға.
- 3.15. Мектептің заттарына: жиһаздар, құрылғылар, оқыту құралдары, спорттық инвентарьларға ұқыптылықпен қарауға. Оқу-жаттығу өткен жердегі спорттық инвентарьларға сол жерде жаттыққан оқушы жауап береді.
- *айтылған заттардың бұзылғандығы жайлы белгілі болса, материалдық ақы оқушының ата-анасы немесе сол затты бұзған мектеп оқушыларынан алынады.
- 3.16. Жеңіл атлетика манежінің территориясында тазалықты сақтауға. Мектептің ішінде сағыз шайнаудан аулақ болу.
- 3.17. Мектеп территориясындағы сеңбіліктерге қатысуға.

4. Жаттығуларға қатысудың кестесі

- 4.1. Мектепте сабақ 7.00 де басталады, жаттығулар басталатын және аяқталатын уақыты берілген кесте бойынша жүреді.
- 4.2. Келесі жағдайлар болғанда жаттығуды босатуға, мектеп ішілік мерекелік шараларға қатыспауға болады:
- Сыртқаттанған жағдайда, медициналық орталықта тіркелген анықтама бойынша
 - Амбулаториялық емделуден етуге дәрігердің ресми жолдамасы
 - Медициналық комиссиядан өту және әскери комиссариат барған жағдайда

- Ата-аналарының отбасы жағдайы бойынша оқушыны босату жайлы қолдан жазылған түсіндірме өтініш
 - Өзін жайсыз сезіну жайлы жаттықтырушыға алдын-ала хабарлап айтып, оны ата-аналары жазбаша түрде растайтын хаттын болған жағдайында.
- 4.3. Жоғарыда айтылған құжаттар жаттықтырушыға оқушы сабаққа қатысатын күні, ал ата-аналардың жоспарланған отбасы жағдайлары бойынша өтініштері екі күн бұрын берілу керек.

5. Сабақ барысындағы оқушы этикасы.

- 5.1. Академиялық жүріс-тұрыс еределеріне сай оқушылар сабақ басталған жаттықтырушыны, сабақ ортасында келеген адамдарды тұрып қарсы алу керек.
- 5.2. Жаттығу кезінде оқушылар оқытушылар мен өзімен бірге жаттығатын балалар жұмысына кедергі жасамай, тек қана жаттығу жасауы керек.
- 5.3. Сабақ кезінде оқушы оқу залынан тек жаттықтырушының рұқсатымен ғана кете алады.
- 5.4. Оқу-жаттығуды оқушылар тек қана жаттықтырушының рұқсатымен аяқтайды:
- Жаттығу басталарда оқушылар спорттық киімдерін кию керек
 - Денсаулығына байланысты жаттығуға қатыса алмайтын оқушылар, жаттығуды көріп отыруына болады.
- 5.5. Әрбәр жаттығу басталмас бұрын, жаттықтырушымен бекітілген кезекші жаттықтырушыға сабаққа қатысты спорттық инвентарьларды қоюға көмектеседі. Ал сабақ соныңда оны жинауға көмектесу керек.
- 5.6.

6. Басқа жаққа шығу кезіндегі ережелер

- 6.1. Басқа жаққа шыққан кезде оқушылар осы кодекске сәйкес барлық ережелерді сақтауға.
- 6.2. Оқушылар жауапты адамның айтқандарын мұқият тыңдап, ережелерді, күн тәртібін мұқият орындауға.

7. Ақыл-есі дұрыс адамның қылықтарына жататын, алдынан кезіккен қиындықтарға төтеп беріп, пайда болған проблемаларды саралап дұрыс шешім қабылдай білу жас спортшылардың ар-намысының басты критеріі болып саналады.

Оқушыларға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ

- 7.1. Оқу-жаттығу жұмыстарына бей берекет қару.
- 7.2. Жаттығу аяқталғанша мекептен кетуге. Төтенше жағдайларда жаттықтырушы мен мектеп администрациясынан рұқсатымен кетуге. Жаттығу процесіне кедергі жасауға. Ережелерді бұзған оқушыларға келесідей жазалар қолданылады: моральдық кінәләу, ҚР әкімшілік кодексіне сәйкес, ереже бұзған оқушының ата-анасын мектепке шақырып жиналыс өткізу, іріктеу жарыстарына спортшыны қатыстырмау (дисквалификация), жаттықтырушылар кеңесінде жеңіл атлетикадан МБЖОРМ шығару.
- 7.3. Оқу процесіндегі қатысушыларға зорлық-зомбылық көрсетуге. Зорлық көрсеткен жағдайда ҚР заңдарына сәйкес тәртіптік жаза қолдану керек.
- 7.4. Мектеп әкімшілігінің рұқсатынсыз мектеп заттарын шығару.
- 7.5. Қару ретінде қолданыла алатын заттарды (субкультуралардың атрибуты болып есептелетін браслеттерді, газ баллондарын, тез жанатын, кесуге арналған құралдарды) мектепке алып келуге. Жоғарыда айтылған ережені бұзған жағдайда ҚР заңдарына сәйкес тәртіптік жаза қолдану керек.
- 7.6. Жаттығуға кедергі жасайтын заттарды, плеерларды тек жаттықтырушының рұқсатымен ғана қолдануға.
- 7.7. Ұялы телефонды жеке қажеттілік үшін қолдануға жаттықтырушыдан рұқсат алу.
- 7.8. Құмаройындарға қатысты заттарды мектепке алып келуге.
- 7.9. Мектеп заттарың бұзуға
- 7.10. Мектеп территориясында төбелес, кикілжің орнатуға.
- 7.11. Спирттік ішімдіктер ішіп, алкогольді нашакорлық масаю кезінде мектепке келуге.
- 7.12. Былапыт сөздерді қолдануға.
- 7.13. Нашакорлық заттарды қабылдау. Ережелер бұзылған жағдайда ҚР заңдарына сәйкес тәртіптік жаза қолдану керек

8. Мадақтау

Мадақтау келесі жағдайларда болады:

- Жақсы және өте жақсы спорттық көрсеткіштер
- Осы Кодекс нормалары мен ережелерін сақтау

Мадақтауға лайықты оқушылар, жаттықтырушылардың ұсынысымен мектептің педагогикалық кеңесінде бекітіледі.

Мадақтау түрлері:

- Оқушыға алғыс жариялау;
- Оқушының ата-анасына алғыс жариялау;
- Мақтау қағаздары мен дипломдармен марапаттау;
- Сыйлықтар мен бағалы сыйлар беру;
-

9. Жаза түрлері

Мектепте ережелерді бұзғандарға осы Кодекспен бекітілген жаза беру жүйесі бар:

- 9.1. Бұзылған ереже шамалы қолайсыздықтар туғызса, жаттықтырушымен әңгіме.
- 9.2. Елеулі қолайсыздық туғызса, директор атына түсіндірме хат жазып, мектеп әкімшілігімен сұхбат барысында, оның қателігінің кесірінеін біреу зардап шексе кешірім сұрау.
- 9.3. Бір рет систематикалық болған тәртіп бұзушылық жасалса, оқушы жаттықтырушысымен бірге оқу-тәрбие жұмысы директорының орынбасарымен әңгімелеседі. Оқушыға жазбаша және ауызша түрде сөгіс жарияланады, жаттықтырушы оқушының ата-анасына болған жағдайды хабарлайды. Бірнеше рет қайталанған және зардаптары елеулі болатын ережелерді бұзу жағдай алса, алдында қолданған тәртіптік жаза нәтиже бермесе, оқушы мектеп директорымен әңгімеге шақырылып оған қатаң сөгіс жарияланады.
- 9.4. Егер тәртіп бұзушылықтар қайталана беретін болса, оқушының ата-анасы мектеп директоры, оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, жаттықтырушы, әдіскер қатысатын жиналысқа шақырылады.

Қатаң тәртіп бұзушылыққа келесілер:

- Сөзбен және іс-әрекетімен жаттықтырушыны немесе бірге оқитын оқушыны қорлау;
- Мектеп мүлкін немесе басқа қатысушылардың мүлкін әдейілеп бұзу;
- Оқу-жаттығу процесіне қатысты адамдардың өміріне қатер туғызатын, ережелер мен тәртіпті бұзу.